

## Қазақстан Республикасының патенттік сенімді өкілдеріне қойылатын біліктілік талаптарды бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрайымының 2002 жылғы 4 қарашадағы N 187 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 12 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2039. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2010 жылғы 28 шілдедегі № 223 Бұйрығымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2010.07.28 № 223 Бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасының Патент заңы туралы", "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы", "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы", "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының патенттік сенімді өкілдеріне қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Өнеркәсіп меншік саласындағы мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету жөніндегі басқарма осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрайымының орынбасары Ю.Н.Сыпченковқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

### *Төрайым*

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігі  
Санаткерлік меншік құқығы  
жөніндегі комитеті  
төрайымының  
2002 жылғы 4 қарашадағы  
N 187 бұйрығымен бекітілді

**Қазақстан Республикасының патенттік сенімді өкілдеріне қойылатын біліктілік талаптар**

1. Осы Ереже 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Патент заңының 36-бабына, "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" 1999 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабына, "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына, "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" 2001 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына, Қазақстан Республикасының патенттік сенімді өкілдері туралы ережеге сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында патенттік сенімді өкілдерге қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Осы Біліктілік талаптарда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) Комитет - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитет;

2) Патенттік сенімді өкіл - зияткерлік меншік құқық саласында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға Комитеттің, оның ведомстволық бағынысындағы ұйымдарының алдында өкілдік ету құқығы берілген, Қазақстан Республикасының, оның аумағында тұрақты тұратын а з а м а т ы .

3) Тізілім - Қазақстан Республикасының патенттік сенімді өкілдерінің тізілімі.

3. Қазақстан Республикасының, оның аумағында тұрақты тұратын, әрекет қабілеттілігі бар, аттестациядан өткен, жоғары білімі бар, әдеттегідей, санаткерлік меншік құқығы саласында жұмыс тәжірибесі төрт жылдан кем емес және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген азаматы патенттік сенімді өкіл бола алады.

4. Патенттік сенімді өкілдің қызметіне:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға рұқсат етілмейтін тұлғалар;

2) Комитеттің және оның ведомстволық бағынысындағы ұйымдардың қызметкерлері;

3) қылмыс жасағаны үшін сотталған;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тізілімнен шығарылған тұлғалар жіберілмейді.

5. Патенттік сенімді өкіл өз қызметін:

1) жеке кәсіпкер ретінде;

2) патенттік сенімді өкілдер фирмасының құрамында;

3) патенттік сенімді өкіл фирмасы болып табылмайтын ұйымның қызметкері р е т і н д е ;

4) заңнамамен тыйым салынбайтын өзге де кез келген ретте жүзеге асыра алады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК